

Астана қ.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ кадрлық тағайындаулар туралы хабарлайды

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (ҚМГ) басшылық құрамындағы өзгерістер туралы хабарлайды.

KMG International N.V. бас атқарушы директоры Сағиев Эрик Бекболатұлы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары қызметін қоса атқарушы болып тағайындалды.

Э.Сағиев Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетін «Технологиялық машиналар және жабдықтар» мамандығы бойынша, сондай-ақ М.Нәрікбаев атындағы Қазақ гуманитарлық заң университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

Өр жылдары «Bonatti S.p.A», «Karachaganak Petroleum Operating B.V.», «Интергазстрой» компанияларында және Астана қаласының «Сарыарқа» кәсіпкерлер қауымдастығында жұмыс істеді.

2022–2024 жылдары – «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының мұнай тасымалдау жөніндегі орынбасары.

2024–2025 жылдары – KMG International N.V. бас операциялық директоры.

2025 жылдың сәуір айынан бастап KMG International N.V. (Rompetrol) компаниясының бас атқарушы директоры болып еңбек етіп келеді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары ретінде Э.Сағиев мұнай тасымалдау мен халықаралық активтер бағытын басқарады.

Бұған дейін осы лауазымда болған Закиров Болат Қалауияұлы қызметінен өз еркімен кетті. ҚМГ басшысы Асхат Хасенов Б.Закировке қажырлы еңбегі мен ұлттық компанияның дамуына қосқан елеулі үлесі үшін алғыс білдірді.